

# Қазақ қолөнер

дайындаған Мисюкевич Ева, 1 курс, физика



- **Қолөнер**, қолданбалы өнер – дәстүрлі тұтыну және сәндік бұйымдарын жасайтын ұсақ өндіріс. Қолөнершілер негізінен табиғи шикізаттарды пайдаланып, қарапайым еңбек құралдарының көмегімен көркем композицияның шешімімен тұрмысқа қажетті мүліктер, музыкалық аспаптар, қару-жарақ, құрал-саймандар жасайды. Әрбір қолөнер туындысы өз заманының материалдық мәдениетінің үлгісі және халық талғамының, әлеуметтік қоғамдық жағдайының, діни сенімінің, салт-дәстүрінің нақтылы көрінісі. Қазақ халқының қолөнерінде киіз үй жабдықтарын, ағаш төсек жасау, түйін түйю, ши орау, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу, сондай-ақ моншақ, білезік, сақина, сырға, алқа, шолпы сияқты зергерлік бұйымдар жасау кең дамыды.

# Моншақ

- Моншақ ұсақ, түрлі-түсті, пішіні әр түрлі (шар тәрізді, сопақша, қырлы) болады. Асыл тастардан, басқа да бағалы заттардан жасалынады.



# Білезік

- білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік қымбат металдардан жасалады. Білезіктің көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады. Оған асыл тастардан көз орнатылады, алтын не күміс жалатып, лажылап, эмаль бағдарлап та соғады. Арзан білезіктерді мысалы, қола, жез, мельхиор, т.б. металдардан жасайды. Оның құйма білезік, қос білезік, қуыс білезік, бес білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, жалпақ білезік, сом білезік, жұмыр білезік, өбістірме білезік, т.б. түрлері көп.



# Жүзік



- Жүзік — соғу, қалыптау, ширату , сәндеу арқылы жасалып, сәндік үшін саусаққа салынатын әшекейлі сақина. Палеолит дәуірінде сүйектен, неолит дәуірінде тастан, қола дәуірінде металдан жасалған. Қазіргі Қазақстан аумағында да Жүзік жасаудың ежелгі замандардан бастау алатынына олардың археол. қазбалардан табылған үлгілері дәлел бола алады. Жүзіктің жасалуы сақинадан күрделірек. Қазақ халқы асыл тастардан көз қондырылғанын Жүзік, тасы жоқ, тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарғанын сақина, көзі жоқ шығыр түріндегісін балдақ деп атайды. Жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі тастардың атымен алтын Жүзік, күміс Жүзік деп, сақиналар құсмұрын, түйетабан, жүрекше, т.б. болып аталған. Ер мен әйелдің жүзік, балдақ ауысуы шын сүйіспеншіліктің белгісі саналған. Қазақ халқының дәстүрінде көзіне асыл тас орнатылған (кейде жазулы) алтын, күміс Жүзіктерді қыз-келіншектер, сал-серілер салса, ал жігіттер балдақ салған.

# Сырға




- Сырға – сән үшін тағылатын зергерлік бұйым. Сырға тағу бүкіл дүние жүзі халықтарына тән әдет. Сырға неолит заманында сүйектен, мүйізден, қола дәуірінде металдан жасалған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2 ғасырдан бастап алтын, күмістен асыл тас орнатылып жасалған Сырғаның өте сәнді түрлері шыға бастаған. Қазақтарда Сырғаның шығыршық Сырға, шарбақ Сырға, ай Сырға, сояу Сырға, қоңырау Сырға, иықты Сырға, күмбезді Сырға, төбе Сырға, салпыншақ Сырға, жалпақ сырға тағы басқа бар.



# Алқа



- **Алқа** - бірнеше бөлік асыл тастардан, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған бірнеше алақаннан тұратын, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Алқаны жасөспірім және бойжеткен қыздар, жас келіншектер таққан. Алғашында алқа дөңгелек алқа - бірнеше бөлік асыл тастардан, түрлі-түсті шыны көздер орнатылған бірнеше алақаннан тұратын, топсалы шынжыр арқылы тағылатын мойын әшекейі. Алқаны жасөспірім және бойжеткен қыздар, жас келіншектер таққан.



# Шолпы



- **ШОЛПЫ** – қыздардың бұрымға тағатын әшекейі. Шолпыны екі үзбелі етіп, күмістен соғады. Қақталған күмістен үш бұрышты немесе сопақша пішінді етіп жасалады да, ортасына асыл тас орнатылады. Төменгі үлкен тұмаршасының етегіне шынжырлап немесе үзбелеп соғып, сөлкебай тіркелген бірнеше салпыншақ тағылады. Ол баулары арқылы бұрымға қоса өріледі. Дәстүрлі казак қоғамында Шолпының – көзді **Шолпы** (асыл тас қондырылған), қозалы **Шолпы**, қоңыраулы **Шолпы**, шынжырлы **Шолпы**, қос үзбелі **Шолпы**, маржанды **Шолпы**, меруертті **Шолпы**, ақықты **Шолпы**, т.с.с. түрлері мен атаулары кездеседі.